



# Қоғамдық өндірістің негіздері. Экономикалық таңдау мәселесі

Дәріскер: э.ғ.к., профессор м.а.  
Даулиева Ғалия Рахметовна

# Қоғамдық өндірістің негіздері. Экономикалық таңдау мәселесі

1. Қоғамдық өндірістің мәні, құрылымы, элементтері
2. Қажеттілік, игіліктер, ресурстар
3. Экономикалық таңдау мәселесі
4. Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні

**Өндіріс** - бұл қоғам дамуына қажет материалдық игіліктер мен қызметтер жасау мақсатымен табиғат заттарына адамның ықпал ету үдерісі

**Материалды өндіріс** - адамзат қоғамының даму негізі, қажетті материалды сипаттағы игіліктерді өндіреді

**Материалды емес өндіріс** - ерекше материалдық емес (рухани құндылықтар) игіліктер - қызметтер өндіреді,

Ұдайы өндіріс - өндіріс үдерісінің тұрақты қайталануы, үзіліссіз жаңғыруы. **«Ұдайы өндіріс»** терминін экономикалық ғылымда алғаш рет физиократ Ф. Кенэ өзінің «Экономикалық кесте» (1758 ж.) еңбегінде қолданған болатын

**Жай ұдайы өндіріс** – бұл өндірістің жыл сайын бұрынғы, өзгеріссіз ауқымын қайталап отыру

[galiya.daulieva@kaznu.kz](mailto:galiya.daulieva@kaznu.kz)

**Ұлғаймалы ұдайы өндіріс** – бұл өндіріс үдерісінің жыл сайын кеңейтілген ауқымында жаңарып отыруы

**Экстенсивті ұдайы өндіріс** – бұл бұрынғы технологиялық негізін өзгертпей қосымша ресурстарды тарту есебінен өндіріс ауқымын кеңейту

**Интенсивті ұдайы өндіріс** – техника мен технологияны сапалы түрде жақсарту есебінен өндіріс көлемін ұлғайту үдерісі

# Қоғамдық өндірістің элементтері

Қоғамдық өндіріс қоғамның өндіргіш күштері және өндірістік қатынастардың бірлігі

Өндіргіш күштер

Өндірістік  
(экономикалық)  
қатынастар

Жұмыс күші  
адамның  
еңбекке деген  
ақыл - ой  
және дене  
қабілеттілігі

Өндірістің  
құрал -  
жабдықтары

Әлеуметтік -  
экономикалық  
қатынастар

Ұйымдастыру-  
шылық  
экономикалық  
қатынастар

Еңбек  
үрдісі

Еңбек заттары - еңбек  
үдерісінде өңдеуге түсетін  
табиғат заттары

Еңбек құралдары -  
адамдардың еңбек  
үдерісінде солардың  
көмегімен еңбек затына  
ықпалын білдіретін  
құралдары

# Қоғамдық өндірістің сатылары

**Өндіріс** – материалдық игіліктерді пайдалы өнімді өндіру процесі

**Бөлу** - әрбір адамның өндірілген өнімдегі үлесін анықтау үрдісі

**Айырбас** – белгілі бір өнімді басқа өнімге айырбастау процесі

**Тұтыну** - өндірілген өнімді қажеттілікті қанағаттандыру үшін пайдалану

Өндірістің түпкі мақсаты

Тұтыну

Әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру

Өндіріс

Қажеттіліктер

# Қажеттіліктер, игіліктер, ресурстар

**Қажеттіліктер** – бұл экономиканың субъектілеріне белгілі бір экономикалық қызметті атқаруға итермелейтін ішкі ниеттер мен ынта-жігерлер, адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге және жеке бір индивидтің, фирманың және тұтастай қоғамның дамуына қажетті заттар мен нәрселерге деген жетіспеушіліктен туындайтын мұқтаждықтар

**1. Физиологиялық қажеттіліктер:** тамақ, су, киім-кешек, баспана, ұрпақты өмірге әкелу, т.б.

**2. Қауіпсіздікке деген қажеттіліктер:** аурудан сақтану, дау-жанжалдан, қорқыныш-үрейден сақтану, т.б.

**3. Әлеуметтік қажеттіліктер:** сүйіспеншілік, махаббат, достық, кейбір топтардың мүшесі болу, өзара мүдделі адамдардың қарым-қатынасы, т.б.

**5. Рухани қажеттіліктер:** өз қабілеттіліктерін іске асыру, өз мүмкіндіктерін дамыту және оларды белсенді түрде қолдану, өзара түсіністік, т.б.

**4. Өзін-өзі сыйлау мен қадірлеуге деген қажеттіліктер:** мақсатқа жету, өзін таныту, басқа адамдардың сый-құрмет көрсетуі, қоғамда өз орнын табу, т.б.

Маслоу бойынша қажеттіліктер

**Экономикалық игіліктер** – қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қажетті материалдық және материалдық емес нысандағы еңбек өнімі (тауар және қызметтер)

## Экономикалық игіліктер

1. Олар сиректік қасиетіне ие, яғни қандай да болмасын игілікке қажеттілік оларды өндіру мүмкіндігінен артық

2. Оларды өндіру үшін шектелген ресурстар қолданылады

### Экономикалық игіліктер:

Жеке игіліктер; жеке сұранысқа сәйкес тұтынушыға ұсынылады

Қоғамдық; бүкіл қоғам деңгейінде тұтынылады. Тікелей ақылы болмайды

Игіліктердің түрі	Қасиеттері	Мысалдар
Жеке игілік	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Нарықтық бағада сатылады</li> <li>2. Бөліне алады,</li> <li>3. «Тұтынудан ығыстырылады»</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қалыпты игіліктер– табыс артқан сайын тұтыну өзгермейтін</li> <li>2. Төменгі игіліктер – тасбыс артқан сайын тұтыну төмендейді</li> <li>3. Жоғары игіліктер- тасбыс артқан сайын тұтыну өсетін.</li> </ol>
Қоғамдық игілік	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлінбейді</li> <li>2. Тұтынудан</li> </ol>	Қоғамдық қауіпсіздік; қорғаныс, құқық қорғау

# Экономикалық игіліктер → ресурстар

Ресурстар экономикалық игіліктерді өндіру мақсатында қолданылатын қоғамның әлеуетті мүмкіндіктері

Өндіріс үдерісінде ресурстар өндіріс факторларына айналады

## **Жер:**

Барлық табиғи ресурстар: пайдалы қазбалар, орман және су ресурстары, жыртуға жарамды жерлер, т.б.

## **Еңбек:**

Еңбек ресурстары: адамдардың жұмыс күшінің жиынтығы

## **Капитал:**

Материалдық және қаржылық ресурстар: ғимараттар, машина жабдықтар, қаржы

Кәсіпкерлік қабілет – бастамашылдық, ақшалай табыс табуға бағытталған, өндірісті ұйымдастыру және оған бақылау жасау бойынша шешуші шаруашылық іс әрекет

Қазіргі кездері осы аталған өндіріс факторларының қатарына менеджмент, ақпарат ресурстарын қосады. Менеджмент – бұл идеялар, модельдер, инновациялық өнім үлгілері, технологиялар, ұйымдастыру нысанында көрінетін ерекше ресурс. Ақпарат технологиялық жаңарудың қозғаушы күші, өндіріске жаңа идеяларды және жобаларды енгізудің көзі. Экологиялық фактор қоршаған ортаның ластануымен байланысты өндіріс мүмкіндігінің шектеулілігін түсіндіреді. Уақыт факторы



# Іргелі экономикалық аксиомалар: шексіз қажеттіліктер және шектеулі ресурстар

## Таңдау мәселесі

*Шектеулі ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалану тәсілдерін табу*

Экономиканың негізгі үш мәселесі:

Не өндіру қажет?

қандай тауарлар мен қызметтер өндірілуі тиіс?

Қалай өндіру қажет?

қандай ресурстарды және технологияны пайдалану арқылы өндірілуі тиіс?

Кім үшін өндіру қажет?

шығарылған тауар немесе қызмет кімге арналады, олар қалай бөлінеді, оларды кімдер сатып алады


*Барынша аз шығын* ↔ *барынша көп табыс*

*Шешім қабылдау критерийі: рационалдылық.*

*Баламалы шығындар – жоғалған немесе қолданыла алмаған мүмкіндіктер шығындары*

# Өндірістік мүмкіндіктер қисығы және оның экономикалық мәні

**Өндірістік мүмкіндіктер** – технологиялық дамудың белгілі бір деңгейінде қолдағы бар ресурстардың барлығын аса толық және тиімді пайдалана отырып экономикалық игіліктерді өндірудегі қоғамның мүмкіндіктері



Мысалы экономикада екі ғана тауар өндіріледі: X және Y

A - барлық ресурстар Y- тауарын өндіруге бағытталған



B - X тауарын өндіруге,

C және F – ресурстарды тиімді пайдалану

E - ресурстарды толық пайдаланбау

D - осы берілген технологияның

• • даму деңгейінде мүмкіншілігі жоқ өндіріс.



- ✓ **Ресурстардың шектеулілігі** – барлық экономикалық қажеттіліктерді бір мезетте қанағаттандыру мүмкін еместігінің көрсеткіші. Ресурстардың шектеулілігі қоғам алдында экономикалық таңдау мәселесін туындатады
- ✓ **Экономикалық таңдау** – берілген шығындар деңгейінде қоғамның қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатының орындалуы кезінде бірдей балама нұсқалардың ішінен ең тиімдісін таңдап алу.
- ✓ Пайда болған мәселелерді шешудің ең жақсы нұсқаларын таңдап соны жүзеге асыру барысында экономикалық субъект экономикалық рационалдылыққа және ұтымды шешім қабылдауға жүгінеді
- ✓ **Экономикалық рационалдылық** немесе **ұтымды шешім қабылдау** – бұл ұтымды субъектінің өз алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген шығындар деңгейінде немесе ең аз шығынмен максималды нәтижелілікке жетуіндегі ұтымды шешім қабылдау әрекеті

# Экономикалық тиімділік

*Барынша аз шығын* ↔ *барынша көп табыс*

Экономикалық қатынастарда әрбір экономикалық субъект өз мүддесін көздейді:

- тұтынушы - қажеттілігін максималды қанағаттандыруды;
- фирмалар - пайданы максималдау;
- мемлекет - халықтың әл-ауқатын максималдау.